

**NEWS****OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 6, Number 24 (2014), 39 – 45

**MONITORING OF AGRICULTURAL LANDS OF ALMATY REGION****A. K. Igembayeva, D. K. Molzhigitova, T. P. Pentayev**

Kazakh National agrarian university, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: muslima@mail.ru

**Key words:** land economy, agriculture, contamination of soil, ecology, statewide, soil pollution, environment, erosion, hay harvesting, pasture, land use, natural resources, monitoring.

**Abstract.** This article describes the environmental conditions and monitoring of agricultural lands of Enbekshikazakh district, Almaty region in the last ten-year period and monitoring in Karasai district, Almaty region.

**Purpose** – in this article monitoring of natural management of agricultural lands of Almaty region in the last decade is given. In the study analysis and control of soil changes during the agroecological and soil monitoring are presented. There is a diagnostic procedure of condition of agricultural lands in Almaty region, with a view to timely identify and determine all sorts of changes and their subsequent evaluation and recommendations for eliminating or preventing the effects of a variety of processes that are negative.

*Methodology* – the study of applied analytical analysis and the comparative method

*Originality* – the data obtained from the study allow to analyze condition and land use in Almaty region through the application of modern technologies; to predict the development of adverse soil processes, their impact on the vegetation cover, to justify the need and feasibility of developing programs for the conservation and restoration of soil fertility; to conduct effective public policy in the sphere of land relations.

*Findings* define the recommendations and conclusions for the efficient use of land.

ӘОЖ 332.33

## **АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ АЛҚАПТАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ**

**A. K. Игембаева, Д. К. Молжигитова, Т. П. Пентаев**

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

**Тірек сөздер:** жер шаруашылығы, ауыл шаруашылығы, топырактың ластануы, экология, эрозия, шабындық, жайылым, табиғат, жер пайдалану, мониторинг.

**Аннотация.** Зерттеудің мақсаты: Бұл мақалада Алматы облысы ауылшаруашылық жерлерінің соңғы он жылдың арасындағы табиғи жағдайларымен мониторингі көрсетілген. Агроэкологиялық немесе топырақ мониторингін жүргізуде топырақ жағдайын бақылау бойынша барлық талдаулар жүргізіледі. Тіршілікті қамтамасыз ету блогы лабораториялық кешендерін жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру және жұмысқа икемділігін қолдау үшін жүргізіледі.

**Әдіснама:** зерттеу барысында аналитикалық талдау жасалды. Алматы облысы бойынша жер мониторингін жүргізу жолдары және оның нәтижесі қарастырылған. Орындалатын жұмыстар түрлері, әдістері, орындау технологиялары зерттеліп, анықталған кемшіліктерді жою жолдары қарастырылған.

**Бірегейлігі/құндылығы** Облыстың (аудандардың) ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді және ұтымды пайдалану. Аймақты игеру нәтижесінде сандық және сапалық жағдайын бақылау және келенсіз процесстердің немесе құбылыстардың алдын-алу бойынша шараларды қолданумен талдау жүргізіледі.

**Зерттеудің нәтижелері:** Алматы облысындағы Қарасай полигонының пайдалану мүмкіндігі түгесілгені ескеріліп, 2012 жылы 19 маусымда облыс әкімдігі Іле ауданынан 245 гектар жана жер телімін бөлді. Қазір полигон құрылышын салу үшін техникалық-экономикалық негіздер жасалынуда. Ол болашақта еуростандарт үлгісімен салынады деп жоспарлануда. Алдымызда тұрған ең үлкен міндеттің бірі осы болып отыр. Қазіргі таңда Қарасай ауданындағы қалдық қеметін полигонды жабу мен Алматы облысы Іле ауданына қарай жана полигонын салу жоспары тұр.

**Кіріспе.** Бұғынгі уақытта еліміздің ауыл шаруашылығы мен жер шаруашылығы терең өзгерістерді өткізіп, әрі қарай жүйені жетілдіру бағытында жұмыс жүргізуі қажет етіп отырған секторлардың қатарында.

Адам баласына әлемде берілген, табиғат берген баға жетпес құндылық, бақыт, осы бақытты тоłyққанды етіп көрсететін сый-сыралғының бірі де бірегей – жер.

Жер – барлық адамзат баласының өмір сүруінің негізі, іргетасы болып табылатын негізгі табиғи ресурс. Жер дүниес жүзінін басым бөлігін алып жатқан құрлық ресурстары болса, оның су қоры, орман қоры, ондағы есімдіктер мен жануарлар дүниесі ажыратылmas болігі болып табылады. Ұлтарактай жер үшін қасық қаны қалғанша құрессен ата-бабалар текten текке таласқан жоқ. Келер ұрпақ үшін, оның салауатты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін, ел бірлігін сақтау үшін жер мәселесі қашанда өзекті болды.

Мемлекетіміздің басты байлығы – оның экономикалық және әлеуметтік қолайлы негізі болып табылатын жер ресурстары.

Егер де 1990 жылдары ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер Қазақстан Республикасы жер қорының 81,2 % құраса, 2000 жылдардың бас кезеңінде олардың ара салмағы небәрі – 39,6 % құрады. Егер де осы жағдай өзінің жалғасын ары қарай да тауып отыратын болса, онда біз жақын жылдары – ауыл шаруашылық мақсатында пайдаланылатын жерлерге зәру болып қалуымыз мүмкін.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру процесінде жер басқа да еңбек құралдары және басқа заттарымен қатар ерекше белсенді роль атқарады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының шығым-дұлдырылғы, демек, жалпы ауыл шаруашылығы өндірісінің нәтижелілігі мен тиімділігі жердің сапасына, оның құнарлылығына және сумен қамтамасыз етілуіне байланысты. Ауыл шаруашылығында қызметкер еңбек құралдарының көмегімен еңбек заттарына және сонымен бірге жерге де ықпал етеді, тұтыну құнын, егіншілік және мал шаруашылығы өнімін өндіреді. Жердің өндіріс құрал-жабдығы ретінде өзіне тән өзгешеліктері немесе бірқатар ерекшеліктері бар. Оның ең маңызды ерекшелігі: жердің басқа өндіріс құрал-жабдығы сиякты адам еңбегінің жемісі болып табылмайтынын да. Ол адамнан сан миллиондаған жыл бұрын пайда болған және табиғаттың тартуы немесе табиғаттың жемісі болып табылады. Сондықтан мұның өзі осына сыйға аялап қарауды, жерді бүкіл қоғамның мүддесі үшін өнімді пайдалануға міндеттейді. Өйткені жерді жаратуға адам еңбегі жұмсалмаған, оның құны жоқ.

Алматы облысы біршама минералды-шикізаттық мүмкіндікке ие. Оның аумағында түрлі пайдалы қазбалардың кен орындары ашылған, олардың ішінде тұсті, сирек кездесетін және бағалы металлдар, энергетикалық көмір мен руда емес пайдалы қазбалардың кен орындары бар (облыс негізінен құрылыс материалдарының барлық түрлерімен қамтамасыз етілген).

Еңбекшіқазак ауданы – Бұғыты ірі вольфрам кен орны, алтынды руда табылған топтар, Каракой қорғасын-мырыш кен орны:

Карастырылып отырған аумақтың басым бөлігі іздестіру жағынан, түрлі дәлдіктегі геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуі талап етеді.

Алматы облысы – ертеден Жетісу деп аталатын қазақ жерінің әйгілі өлкесі. Алматы облысы Қазақстанның мына аймақтарымен: батысында Жамбыл облысымен, солтүстік батысында Караганды облысымен шектеседі, солтүстік шығысында Шығыс Қазақстан облысы орналасқан. Облыс құрамына 1997 жылы бұрынғы Талдықорған облысы кірді. Облыстың шығысы ҚХР-мен, онтүстігінде Қырғыз Республикасымен (Шу және Ыстық көл облыстарымен) шектеседі. Облыс айтарлықтай күрделі географиялық сипатқа және сан алуан рельефтеге ие. Солтүстік бөлігі жартылай елсіз дала, Балқаш көліне қарай ығысады және ежелгі Іле өзенінің арнасы қызып жатыр, олардың ең кереметі — Бақанас. Жеке екі сілем бар — онтүстігінде және шығысында — тау жоталары созылып жатыр: Жетісу Алатауы және Жонғар Алатауы (Тянь-Шань таулы жүйесі). Олардың жапсарында ақырындал тәмендейтін баурайы мен Іле өзенінің орташа арнасы орналасқан. Облыстың табиғаты мен жер бедері ала құла. Балқаш және Алакөлге ұласатын солтүстігі көлбеуленген құмды жазық алқап[1].

Алматы облысының климаты негізінен континенттік. Қыс ықоныр жай салқын. Қантар айындағы орташа температура солтүстік жазық бөлігінде — 10-16<sup>0</sup>C, онтүстікте — 4-9<sup>0</sup>C. Жазы ыстық және қуан. Тау бөктерінің климаттық жағдайы жұмсақ. Қантар айының орташа температуrasesы — 5-9<sup>0</sup>C, жылымық жиі болып тұрады. Шілде айының орташа температуrasesы тау

бөктерінде 21-23<sup>0</sup>С, тау аңғарларында 19-22<sup>0</sup>С. Жауын-шашын тау бөктерінде 400-600 мм, тау аңғарларында 700-1000 мм.

Алматы облысы, сейсмикалық белсенділігі жоғары, 7-9 баллды құрайтын аймақта орналасқан. Соңғы жылдары негізгі сейсмикалық қымылдар Алматы қаласынан онтүстік пен онтүстік-шығыста дамуда. Алматы қаласынан солтүстік, батыс және солтүстік-батыста орналасқан аумақ әлсіз жер сілкіндердің төменгі тығыздығымен сипатталады.

Еңбекшіқазак, Талғар, Іле және Қарасай аудандарының және Алматы қаласының аумагы арқылы ірі гидротехникалық құрылыш, Бартогай су қоймасымен бірге суарылатын жерлерді сүмен қамтамасыз етуді арттыруға арналған Үлкен Алматы каналы өтеді.

Бұғынгі таңда Алматы облысындағы шабындық алқаптар қатты тозған. Оның негізгі себебі су объектілерінің гидрологиялық тәртіпті өзгертуі және шөпті тиімді шаппауы деп есептеген жөн.

Облыста 50 млн. тоннадан астам әртүрлі қалдықтар жинақталған. Топырақтың ластануы осыған байланысты болып отыр.

Гидрологиялық режим өзгеруі нәтижесінде көлдердің айналасы мен өзендердің жайылымдарындағы, сондай-ақ Ақдана сулы алқабындағы топырақтың сортаңдануы байқалуда.

Қазақстан Республикасы жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша Алматы облысында 2000 жылғы 1-қантарда 13550,5 мың гектар ауыл шаруашылығы жері бар. Оның 2177,3 гектары түрлі дәрежедегі сортаңдануға, су эрозиясының нәтижесінде 841,8 мың гектары нашарлауға, 4383,1 гектары дефляция процесіне ұшыраған.

Төменде көрсетілген суретте топырақтың түрлі себептерден сортаңдануы берілген.



Топырақтың сортаңдануы

Ауыл шаруашылығы алқаптарының мониторингінің негізгі мақсаты – топырақтың жай-күйін бақылау, олардың өнімділігінің потенциалын арттыру, тиімді пайдалану мен қорғау бойынша ұсыныстар өндеп шығару, жерлердің жағдайын бағалау болып табылады. Ауыл шаруашылығы алқаптарының топырақ мониторингісі топырақ жамылғысының жай-күйін тексеру және бақылау жүргізу жүйесін көрсетеді [2].

Облыс құрамына 16 аудан және облыстың қарауына жататын 3 қала (Талдықорған, Қапшағай, Текелі) кіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің «Алматы облысының облыс орталығын көшіру туралы» 2001 жылғы 14 сәуірдегі № 585 – Жарлығына сәйкес облыс орталығы Талдықорған қаласы болды.

Алматы облысының онтүстік бөлігінде орналасқан Еңбекшіқазак ауданы әкімшілік бөлініс. Жер аумағы 9,7 мың км<sup>2</sup>. Тұрғыны 204,8 мың адам, орташа тығыздығы 1 км-ге 21,1 адамнан келеді. Аудан жеріндегі 80 елді мекен 1 қалалық және 24 ауылдық әкімшілік округтерге біріктірілген. Аудан орталығы – Есік қаласы Еңбекшіқазак ауданының онтүстігінде Алатауының Қараш, шығысын, онтүстік-шығысын Бақай тауы, Сарытау, Сөгеті, Торайғыр таулары, қызыр шығысын Сөгеті жазығы алып жатыр. Ауданының ең биік жері онтүстігін-батысындағы мәңгі қар мен мұз

басқан Саз тауы (4241 м). Аудан жері солтүстікке қарай ылдиланып Қапшағай бөгеніне тіреледі. Бұл жазық келген өнірінде Іле ойпаты жатыр. Таулардан Есік, Тұрген, Киікбай, Шолак, Шыбықты, Белшабдар, Қаратұрық, Лаварсаз, Асы және Шілік өзендері бастау алды. Шілік өзеніндегі Бартоғай бөгөнінен Д.А. Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы бастау алдып, шығыстан батысқа қарай ағып өтеді. Таулық бөлігінде ұсақ мореналық көлдер (Есік, Жасылкөл, т.б.) кездеседі. Өзендерде бірнеше кішігірім СЭС-лар салынған. Толқын ауылы тұсында арнайы балық өсіруге арналған Есдәулетсай тоғаны, Тұрген шатқалында баҳтах (форель) шаруашылығы ұйымдастырылған. Аудан аумағында Алматы қорығы, Есік обасы («Алтын адам» мұрдесі табылған), Тянь-Шань шыршасы өсетін тағы Шынтурген (Шымтурген) шыршалығы (889 га) орналасқан. Тау бөктерлерінде Таутұрген, Қорам минералды бұлақтары бар. Шіліккемерде құм мен кесектас өндіріледі. Бұғыты тауларында вольфрам кен орны барланған. Еңбекшіқазак ауданының климаты континенттік. Қысы суық. Таулы өнірлерде қар қалың түседі (40 – 60 см). Қантар айының орташа температурасы –6 – 10°C, кейде температурасы –28 – 30°C-қа дейін төмендейді. Жазы ыстық әрі құрғақ. Шілденің орташа температурасы 20 – 24°C. Жылдық орташа жауын-шашын мөлшері жазық өнірде 200 – 400 мм, тау бөктерлерінде 550 – 700 мм. Аудан аумағында ендік бағытта айқын байкалатын бірнеше табиғи белдемдер өтеді. Іле ойпатының шөлейтті белдемінде сұр, сортан сұр топырақ қалыптасқан. Онда баялыш, жусан, ши, күйреуік, т.б. шептер, өзен анғарлары мен ойысты- сай жерінің шалғынды-батпақтыты құрақ, қамыс, қияқ, жалбыз, тауалдының жонды-белесті жерлерінің қоңыр, қызылт қоңыр топырағында бұта аралас бетеге, боз, селеу, тау бөктерлерінде астық тұқымдас әр түрлі шөптесіндер өскен. Таулардың орта және биік белдеулерінде тау шалғыны, одан биіктек альпілік шалғындар қалыптасқан. Тау етегі мен шатқалдарын тал, үйенекі, көктерек, емен, өрік, алма, алмұрт жеміс ағаштары, биік таулы бөлігін шырша, қарағай орманы алып жатыр. Жануарлардан қоңыр аю, түлкі, таутеке, арқар, жазық жерлерде елік, борсық, суыр, қыргауыл, т.б. мекендейді. Су айдындары балыққа бай. Еңбекшіқазак ауданында суғармалы және тәлімі (тау бөктерлерінде) егін шаруашылығы жақсы дамыған, сонымен қатар қой шаруашылығы бар, жүзім, жеміс-жидек, көкөніс, темекі өсіріледі. Ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы 641, 6 мың га, оның ішінде жыртылған жері 92,1 мың га, шабындық 16,6 мың га, жайылым 521,5 мың га[3].

Өсімдік шаруашылығында егістің басым бөлігі (80%) астық шаруашылығының үлесіне келеді.

Еңбекшіқазак ауданының жер тәлімдерін пайдалану бойынша 1991–2011 жылғы өзгерістер төмендегі 1,2-кестелерде бейнеленген.

1-кесте – Еңбекшіқазак ауданының жер тәлімін пайдаланушылардың 1991–2011 жылғы динамикасы мың га

№ р/н	Жер санаты	Саны	Көлемі, га		Оның ішінде егістік, га	
			1991 ж.	2011 ж.	1991 ж.	2011 ж.
1	Азаматтарға бау-бақша және саяжай	13481	–	1244	–	33
2	Жеке шаруа қожалығын жүргізу үшін берілген жер тәлімдері	15455	–	268409	–	63272
3	Акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестер	140	–	56375	–	14601
4	Ауылшаруашылық өндірістік кооперативтері	39	–	13378	–	3814
5	Басқа да мемлекеттік емес ауылшаруашылық кооперативтері	24	–	1725	–	264
6	Ғылыми зерттеу және басқа да оқу орындары	3	–	671	–	545
7	Қосалық шаруашылық мекемелері	9	–	1077	–	293
8	Басқа да мемлекеттік ауылшаруашылық мекемелері	12	–	9875	–	920
9	Елді мекен жерлері	79	–	96716	–	3796
10	Өндірістік тасымалдау, байланыс және тағы басқа ауылшаруашылық емес мекемелер	172	–	10380	–	–
11	Міндетті турде табигаты қорғалатын жерлер	2	–	81645	–	–
12	Орман корларының жерлері	5	1528	82777	–	13
13	Су корларының жерлері	1	–	3133	–	–
14	Жер корлары	–	6893	203298	–	–
15	Барлығы	–	352127	830703	28198	87551
16	Ауданнан тыс қолданылатын жерлер	–	–	–	–	–
	Аудан аумағы	–	–	829660	–	87551

2-кесте – Еңбекшіказак ауданының ауылшаруашылығы жерлерінің 1991-2011жылғы динамикасы

№	Жерлердің түрлері	көлемі, мың.га			
		барлығы		соның ішінде суармалы	
		1991 ж.	2011 ж.	1991 ж.	2011 ж.
1	Егістік	91644	87551	65223	77761
2	Көлжылдық екпе	13746	9330	–	8539
	Соның ішінде: бау-бақшалар	600	5019	600	4377
	Жұзімдіктер	–	3856	–	3842
3	Тыңайған жерлер	100	823	–	115
4	Шабындық жерлер	11323	19588	–	–
5	Жайылым	532875	535965,0	11590	2981
6	Бақша	–	–	–	–
7	Қызыметтік үлестер	–	2	–	2
	Ауыл шаруашылығының жер-сулары барлығы	671180	652216	77413	89398,0

Жер мәселесі кез-келген мемлекеттің саясатында, экономикасында, экологиясында және әлеуметтік саласында басты болған және болады да - ол тек үлттық деңгейдегі емес, сонымен қатар ғаламдық масштабтағы проблема. Сондықтан қазіргі уақытта әлемде жерге барлық байлықтың көзі, құнды табиғи ресурс және өндіріс факторы ретінде ерекше назар аударылып отыр [4].

Бұрын жерді пайдалануға деген көзқарас ресурс және резерв ретінде туындағы және қарастырылып келді. Дегенмен, соңғы жүзжылдықтағы жер пайдалану проблемалары мен болашакқа болжака адамзатты жерге деген көзқарасын өзгертуіне мәжбүр етті. Мәселе әлемдік жер пайдалануда халықтың жермен қамтамасыз етілуі құнарлы жерлердің ауыл шаруашылықтың емес мұқтаждарға бөлінуі, эрозиясы, деградациясы мен жерлердің шөлөйттенуі себепті бірте-бірте қысқарып келеді.

Мониторинг жүйелерін қарастыру барысында ең алдымен мониторингтік ақпараттарды жинау болып табылады. Жер мониторингінің ақпаратын жинау әртүрлі түсірістер, іздестірулер, зерттеулер, арнайы бақылаулар нәтижесінде жүргізіледі және дистанциондық зоналау жер бетінің түсірістерін пайдалану арқылы жиналады. Жер қорының жағдайын анықтау мақсатында, әртүрлі министрліктер мен ведомстволар жүргізетін көптеген зерттеу және бақылау, түсіру жұмыстарының нормативтік техникалық құжаттарын негізге ала отырып анықтайды. Әртүрлі деңгейдегі (жеке кәсіпорыннан бастап, глобальді деңгейге дейін) экологиялық жағдай туралы ақпарат сол аймақтың картографиялық негізінен және графикалық деректер көрсетілген стандартардан алынады. Жүргізілген мониторинг түрлеріне байланысты картографиялық негізде әртүрлі масштаб пайдаланылады. Мысалы: локальді мониторинг жүргізуде картада вентиляциялық құбырлардан өндірістік кәсіпорындардан шығарылатын ластану көздері көрсетіледі. Региональдық деңгейде жақын орналасқан ластану көздері бір топқа жинақталып көрсетіледі. Жер бетіндегі бақылаулар жер қорының барлық санаттары бойынша әртүрлі полигондарда эталондық участкелерде лаборатория бекітілген. Лабораторияда кешенді агроэкологиялық зерттеулер жүргізіледі. Лаборатория мынадай бөліктерден тұрады:

- 1) базалық;
- 2) тіршілікті қамтамасыз ету блогы;
- 3) әртүрлі жылжымалы сублаборатория.

Мысалы, агроэкологиялық немесе топырақ мониторингін жүргізуде топырақ жағдайын бақылау бойынша барлық талдаулар жүргізіледі. Тіршілікті қамтамасыз ету блогы лабораториялық кешендегі жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру және жұмысқа икемділігін қолдау үшін жүргізіледі. Алматы облысы, Қарасай ауданы өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алу, оны өндіре мен залалсыздандыру ережесі» жасалды. Алматы өте ірі мегаполис болғандықтан, іс атқару аумағы 71 участокке бөлінген. Мұндағы алаңдарға 6014 контейнер орналасқан. Алматыдан шыққан тұрмыстық қалдықтар Қарасай ауданының «Плазма Энерджи» ЖШС-не қарасты полигонға тасымалданады. Бұл полигон осыдан 25 жыл бұрын салынған. Қалдықтарды көмү әдісі әбден ескірғен. Осы мерзім ішінде мұнда 4 млн.тонна қалдық жинақталған. Ал, ондағы ашыған улы заттар ауаға үздіксіз биометан бөліп шығаратынын да ұмытуға болмайды. Осыған байланысты,

Қарасай полигонының пайдалану мүмкіндігі түгесілгені ескеріліп, 2009 жылы 19 маусымда облыс әкімдігі Іле ауданынан 245 гектар жаңа жер телімін бөлді. Қазір полигон құрылсын салу үшін техникалық-экономикалық негіздер жасалынуда. Ол болашакта еуростандарт үлгісімен салынады деп жоспарлануда. Алдымызда тұрған ең үлкен міндеттің бірі осы болып отыр. Қазіргі таңда Қарасай ауданындағы қалдық қометін полигонды жабу мен Алматы облысы Іле ауданына қарай жаңа полигонын салу жоспары тұр.

Алматы қалалық әкімдігінде осы Қарасай ауданы тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны жер мониторингісі жұмысы бойынша есеп беру жұмысында тұрмыстық қатты қалдықтар полигоның жабылуына байланысты жұмыстың аяқталуы қаралып отыр. Мұнда бекітілген яғни қарастырылған нэрсе Құзгі кезінде топырақтың химиялық құрамын анықтау үшін сынама үлгісі алынады, жылжымалы түрі бойынша мырыш, қорғасын, мыс, никель, кобальт пен ластанғаны көрсетіліп отыр.

Жалпы түрі бойынша мырыш, қорғасын, мыс, никель, кадмий, күкірт, сынама, күшала, молибден, фосфор. Органикалық заттардан фосфор анықталады.

Мониторингілік жұмыстардың соңғы кезеңі 2005 күз кезінде алынған тәжирбелік және бақылау аланынан топырақтағы ауаның металдарды анықтауға сынама алушмен анықталады. Болашакта Қарасай ауданы тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру участкесінде жер мониторингісін құру бес жылда бір рет өткізуін керек қарастырып отыр. Мониторингтік зерттеу жұмыстарын толық бағдарламасы биылғы 2010 жылы жаңартылуы керек деп есептейді. Кез келген мониторинг жүйесін қарастыру мәселесі өте күрделі, олар көп салалы жоспарлы мақсаттарды орындауға бағытталған. Мониторинг деңгейінде сәйкес станция торлары, пункттер, бақылау бекеттері құрылады. Экологиялық мониторинг жүйелерін құру барысында төменгі мәліметтер қажет болады: қоршаған органды ластаушы заттардың шығу көзі. Оларға: енеркесіп, энергетикалық, көлік және басқада объектілердің атмосфераны ластайтын қалдықтар. Су көздеріне қалдық түсіретін қалдық сулардың түсіруі.

**Корытынды.** Облыстың (аудандардың) ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді және ұтымды пайдалану үшін келесідей бірқатар шаралар жүргізу қажет деп санаймыз:

- облыстық жер кадастры мен жер мониторингі мәліметтерінің негізінде жер ресурстарын пайдалануды және басқаруды талдау;
- облыстағы (аудандағы) ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне ықпал етуші факторларды анықтау;
- ауыл шаруашылығына арналған жерді пайдалану тиімділігін талдау;
- ауыл шаруашылығы жер пайдалануының дамуын 5 жылға дейінгі кезеңге болжамдау;
- жер мониторингін жүргізу жүйесін заманауи құралдармен, жылжымалы экспресс-лабораториялармен техникалық жабдықтау, аэрофарыштық ақпараттарды және дистанциялық барлау әдістерін пайдалану арқылы ері қарай жетілдіру.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] ҚР Жер Кодексі. – Алматы, 2003.
- [2] Қазақстан Республикасының жер жағдайы және оны пайдалану туралы жиынтық таңдамалы есебі. 2011.
- [3] Жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру // Ізденістер-нәтижелер. – Алматы: ҚазҰАУ, 2012.
- [4] Алматы облысы жер корының мониторингі, оның қазіргі жағдайы және оны тиімді пайдалану жолдары // Қазақстанның Жер ресурстары. – 2013, наурыз-сәуір 2.
- [5] Абдраимов Б.Ж. Земельное законодательство и судебная практика // Земельное законодательство Республики Казахстан: Сборник нормативно-правовых актов (с комментариями) / Сост.: Байсалов С.Б., Стамкулов А.С. и др. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998.
- [6] Интернет ([www.google.kz](http://www.google.kz)).
- [7] Варламов А.А., Захарова С.Н. Мониторинг земель: Учебное пособие. – ГУЗ, 2010. – 158 с.
- [8] Лысенок Н.А. Управление земельными ресурсами в Казахстане и борьба с деградацией земли // Земельные ресурсы Казахстана. – 2011. – № 4.
- [9] Курманова Г.К. Задачи и содержание мониторинга земель на материалах южного региона РК // Вестник науки Акмолинского аграрного университета им. С. Сейфуллина. – Астана, 2012. – Т. 3, вып. 3. – С. 159-164.
- [10] Алексеев Ю.В. Тяжелые металлы в почвах и растениях. – Л., 2011.
- [11] Научно-методические указания по мониторингу земель РК. – Алматы, 2012. – 108 с.

**REFERENCES**

- [1] Land Code of RK. Almaty, 2003.
- [2] Statistical data on land use Almaty region, 2011.
- [3] Effective use of land. Research. Almaty: KazNAU, 2012.
- [4] Plot monitoring of Almaty region. Land Kazakhstan. 2013, nauryz sœuir-2.
- [5] Abdraimov B.J. Land legislation and judicial practice. Land Legislation of the Republic of Kazakhstan: Collection of legal acts (with commentary) Comp.: Baysalov S.B., Stamkulov A.S. et al. Almaty: Zheti Zhardy, 1998.
- [6] Internet ([www.google.Kz](http://www.google.Kz)).
- [7] Varlamov A.A., Zakharov S.N. Monitoring Land: Study posobie. GOOSE, 2010. 158 p.
- [8] Lysenok N.A. Upravlenie land in Kazakhstan and combating land degradation. Land resources of Kazakhstan. 2011. N 4.
- [9] Kurmanova G.K. Objectives and content monitoring of land on the materials of the southern region of the RK. Bulletin of Science Akmola Agrarian University. S. Seifullin. Astana, 2012. Vol. 3, vyp. 3. P. 159-164.
- [10] Alekseev Y.V. Heavy metals in soils and rasteniyah. L., 2011.
- [11] Scientific and methodological guidelines for the monitoring of land-RK. Almaty, 2012. 108 s.

**МОНИТОРИНГ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ УГОДИЙ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ****А. К. Игембаева, Д. К. Молжигитова, Т. П. Пентаев**

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** земельная экономика, сельское хозяйство, загрязнение почвы, экология, в масштабе страны, окружающая среда, эрозия, сенокос, пастбище, землепользование, природные ресурсы, мониторинг.

**Аннотация.** В статье описываются природные условия и мониторинг сельскохозяйственных угодий Енбекшиказахского района Алматинской области за последний десятилетний период и ведение мониторинга по Алматинской области Карасайского района.

**Цель исследования:** провести мониторинг природопользования сельскохозяйственных земель Алматинской области за последнее десятилетие. В исследовании указаны анализы и контроль за почвенными изменениями при проведении агроэкологического и почвенного мониторинга. Проведение диагностики состояния сельскохозяйственных земель Алматинской области с целью своевременного выявления и определения всяческих изменений, их последующей оценки и выработки рекомендаций относительно устранения или предупреждения последствий разнообразных процессов, которые носят негативный характер

**Новизна исследования:** Полученные данные при исследовании позволяют проводить анализ состояния и использования земель Алматинской области на основе применения современных технологий. Прогнозировать развитие негативных почвенных процессов, воздействие их на растительный покров. Обосновывать необходимость и целесообразность разработки программ сохранения и восстановления плодородия почв. Проводить эффективную государственную политику в сфере земельных отношений.

Поступила 20.11.2014